

ЖАҢА БАҒЫТТАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҮДЕРІСТЕР

Сугуралиева Р.О. – магистр, аға оқытушы, ШУ Экономика институты,

Қойшыбаева Н.И. – доцент, п.ғ.к., **Жунисбекова Ж.А.** – доцент, п.ғ.к.,

Төлеген Г. – ЕП-19-15р тобы, М.Әуезов ат.ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Елбасы Н.Назарбаевтың әлеуметтік дамудың ғаламдық трендін айқындаған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында: «бүкіл жаңғырту үдерісінің табысқа жетуінің түйінді факторы ұлттық білім беру жүйесін жаңартудың табысты өтуі болып табылады. Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды: білім беру мекемелерін оңтайландыру, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру.

Мемлекеттік бағдарлама мен Жолдауды табысты жүзеге асыру ең алдымен түрлі деңгейдегі білім бөлімдері және мектеп басшылары, мұғалімдердің білім беру мазмұнын жаңарту дайындығына байланысты. Әрине, бұл жалғыз мақсат емес. Білімнің жаңа сапалы деңгейіне көтерілу үшін білім берудің мақсатында, құрылымында, мазмұнында, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен технологияларында, оқу үдерісін ұйымдастыруда өзгерістер болуы қажет. Алайда оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуі тым жеткіліксіз. Бүгінде мұғалім балаларға білім беріп қана қоймай, өмір сүруге үйретуі тиіс.

Білім мазмұнын жаңартуда басты назар - білім алудан алған білімі мен дағдысын өмірде пайдалануға мүмкіндік беретін түйінді құзырлықты қалыптастыруға бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту жолдары:

1. Білім беру мазмұнын заманауи қоғам талаптарына сәйкестендіру.
2. Білім беру мазмұнын құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағыттау, оқушылардың білімді өз бетінше іздеп және тәжірибеде қолдануға қажеттілікке тәрбиелеу.

3. Білім беру мазмұнын оқушылардың өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыттау.

4. Оқыту мазмұнының, түрін және әдістерінің вариативтілігін, оқушылардың оқу барысында оқу бағдарламаларын таңдау құқына ие болуды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік жалпыға бірдей стандартында көрсетілгендей, білім берудің күтілетін нәтижелері: тұлғаның әлеуметтенуімен, метапәндік нәтижелермен және пәндік нәтижелермен өлшенеді.

Тұлғаның әлеуметтенуі – оқушының құндылық пен бағыттылық жүйесін игеру арқылы қоғамның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беретін тұлғалық нәтижелер

Пәндік нәтижелер - оқу, тәрбие үрдісін және өмірлік жағдайдағы мәселелерді шешуде қолданатын түйінді құзыреттіліктер ретінде беріледі.

Қазіргі заманауи жағдайда білімділік деңгейі білім көлемімен, энциклопедиялығымен анықталмайды. Құзыреттілік амал тұрғысынан, білімділік деңгейі оқушының өзінде бар білімі негізінде түрлі проблемаларды шеше алу қабілетімен анықталады.

Құзыреттілік амал білімнің мағынасын жоққа шығармайды, басты акцент алынған білімді өмірде қолдануға аударылады. Екі амалда да (дәстүрлі амал және құзыреттілік амал) білімнің соңғы нәтижесі ретінде оқушы бойында белгілі бір тұлғалық сапаны дамыту, ең алдымен адамгершілік, құндылық жүйені қалыптастыру ретінде қарастырылады. Дәстүрлі амалда жеке тұлғаның қол жеткізген нәтижесін, мақсатын анықтау ретінде оның алған, меңгерілген білімі қарастырылады. Ал құзыреттілік амалда ол - мәселені жеке, өз бетінше шешу тәжірибесі болып саналады. Құзыреттілік амал тұрғысынан алғанда білім берудің негізгі, тікелей нәтижесі-түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады. Түйінді құзыреттіліктерге: мәселені шешу құзыреттілігі, ақпаратты талдау құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттіліктер жатады.

Пәндік нәтижелер – оқушылардың пәндер бойынша игерілген білім, білік, дағдылары болып табылады.

Білім беру жүйесіне көшу жағдайында мектептің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда төмендегі негізгі тәсілдерді қолдануы тиіс: іс-әрекеттік тәсіл, тұлғалық бағдарлы тәсіл, құзыреттілік тәсіл, оқушылардың денсаулығын сақтау тәсілі.

Іс-әрекеттік тәсіл тұлғаның қабілеттерін толық ашуға және мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған және оқушының өзіндік өнімді әрекетін ұйымдастыру жағдайында жүзеге асырылады. Бұл жерде басымдық оқушының білімді өз бетінше іздеп, әрекет етуіне беріледі.

Тұлғалық-бағдарлы тәсіл оқушы тұлғасының потенциалдық мүмкіндіктерін ескеру және дамытуға бағытталған. Тұлғалық-бағдарлы бағыт оқытуда вариативтік және сараланған бағдарламаларын, оқу және оқудан тыс әрекеттерді ұйымдастырудың түрлі формаларын, оқушының жеке білім алу траекториясын құру және іске асыру міндеттерін шешуді қолдану жолымен іске асады.

Жоғарыдағы тәсілдерді қолданудың тиімділігін М.Жұмабайұлының: «Мектеп пен тұрмыс бірі қырым, бірі қияда жатпауын, мектепте оқыған адам білімді құшақтап алып, тұрмыста жарамсыз болып шықпауын, бала нені білсе де, көзімен көріп, қолымен ұстап, мүмкін болғанша өзі істеп білуін қолдаған. Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған сапалы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы» - деген сөздері дәлел.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласы.

2. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы – Алматы, 2013. – 448 бет.